В ходе проведения тренинговых занятий по развитию эмоционального интеллекта среди школьников некоторые демонстрировали довольно развитые способности понимания эмоций окружающих людей. Интересным представляется, является ли достигнутый ими уровень развития эмоционального интеллекта на момент констатирующего этапа опытно-педагогической работы результатом врожденных способностей к пониманию эмоций, или результатом воспитания и обучения. Данный вопрос (является ли эмоциональный интеллект относительно стабильной способностью, или все-таки подвержен значительному развитию в процессе целенаправленного обучения и воспитания) может служить предметом дальнейших исследований эмоционального интеллекта.

При проведении тренинговых занятий учащиеся продемонстрировали креативность и творчески проявили себя. Креативность, проявленная многими учащимися, делает процесс взаимодействия с учениками интересным и приятным, предполагает поиск индивидуального подхода к каждому учащемуся. Мы старались создать на тренингах творческую обстановку, чтобы каждый ученик мог максимально проявить свой творческий потенциал и опирались на личностно-ориентированный подход в работе по развитию эмоционального интеллекта.

## Заключение

Разработанная программа тренинговых занятий по развитию эмоционального интеллекта школьников средствами арт-терапии опирается на модель Д.В. Люсина и направлена на развитие трех структурных компонентов эмоционального интеллекта: понимание своих эмоций, управление своими эмоциями, и контроль экспрессии. Другие два компонента эмоционального интеллекта (понимание эмоций других людей, управление эмоциями других людей) являются более сложными структурными компонентами и формируются только на основе наличия первых двух компонентов (понимание своих эмоций, управление своими эмоциями). Резуль-

таты опытно-педагогической работы показали повышение уровня эмоционального интеллекта школьников. Особенно показательны результаты повышения когнитивного компонента (знания об эмоциях) после проведения программы тренингов.

Исследования по вопросу развития эмоционального интеллекта требуют дальнейшей разработки. В частности, практически значимым представляется выявление сензитивных периодов для развития эмоционального интеллекта. Так же интересным представляется выявление связи интеллекта и эмоционального интеллекта, а также разработка вопросов применения методов арт-терапии для развития эмоционального интеллекта.

## Литература

- 1 Базарсадаева Э.Ж., К вопросу об истории изучения эмоционального интеллекта // Вестник БГУ. – 2013. – №5. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-istorii-izucheniya-emotsionalnogo-intellekta> (дата обращения: 01.06.2017)
- 2 Рыжов Д. М. Эмоциональный интеллект в системе психологических знаний // МНКО. – 2014. – №4 (47). – С.87-89.
- 3 Гουλман Д., Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ – М.: «Манн, Иванов и Фербер», 2013. – 560 с.
- 4 Bar-On R., Emotional and social intelligence: Insights from the Emotional Quotient Inventory / R. Bar-On // R. Bar-On. J.D.A. Parker. Handbook of emotional intelligence. – San Francisco: Jossey-Bass, 2000. – P. 363–388.
- 5 Орме Г. Эмоциональное мышление как инструмент достижения успеха. – М.: КСП+, 2003. – 272 с.
- 6 Робертс Р.Д., Мэттьюс Д., Зайднер М., Люсин Д.В. Эмоциональный интеллект: проблемы теории, измерения и применения на практике // Психология. Журнал ВШЭ. – 2004. – №4.
- 7 Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте / Д.В. Люсин; под ред. Д.В. Люсина, Д.В. Ушакова // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования. – М.: Ин-т психологии РАН, 2004. – С. 29 – 36.
- 8 Андреева И.Н., Азбука эмоционального интеллекта. – СПб.: БХВ-Петербург, 2012. – 288 с.
- 9 Майер Г. Психология эмоционального мышления / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.В. Петухова // Хрестоматия по общей психологии. Психология мышления. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1981. – С. 123 – 129.
- 10 Мадалиева З.Б., Мукашева А.Б., Қасен Г.А., Сеилханова М.Е. Развитие арт-педагогических и арт-терапевтических школ: мировой опыт. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
- 11 Қасен Г.А., Кудайбергенова А. М. Зарубежный опыт арт-педагогики и арт-терапии в практике психокоррекционной и профилактической работы // Педагогика и психология. – 2015. – №4 (25). – С. 21 – 31.
- 12 Платонова А.В. Арт-терапия в работе психолога // Вестник СМУС74. – 2014. – №1. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/art-terapiya-v-rabote-psihologa> (дата обращения: 01.06.2017).
- 13 Мукашева А.Б., Қасен Г.А. Арт-педагогический аспект профилактики суицидальных проявлений среди подростков и молодежи // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2015. – №2(45). – С. 28 – 39.
- 14 Ким А.М. Эмоциональный интеллект тренера и преподавателя физвоспитания. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- 15 Байжұманова Б.И., Оқушының психикалық даму ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 1998. – №12.
- 16 Растегаева Л. С., Эстетические принципы в методах арттерапии // Вестник ОГУ. – 2009. – №7. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/esteticheskie-printsipy-v-metodah-artterapii> (дата обращения: 01.06.2017).
- 17 Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982.
- 18 Ахметова Д.Б., Методологические вопросы психологического исследования эмоционального интеллекта, компетенций и стратегий преподавания в высшей школе // Вестник ЕНУ, серия гуманитарных наук. – 2014. – №3. – С. 5.
- 19 Зайцева А.В., Шуткова И.И. Возможности использования результатов исследований эмоционального интеллекта в педагогической практике // Известия ПГУ им. В.Г. Белинского. 2008. №11. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-ispolzovaniya-rezultatov-issledovaniy-emotsionalnogo-intellekta-v-pedagogicheskoy-praktike> (дата обращения: 28.05.2017).

## References

- 1 Akhmetova D.B. (2014). Methodological issues of psychological research of emotional intelligence, competences and teaching strategies in higher education. Bulletin of the ENU, series of humanities. #3, 5.
- 2 Andreeva I.N. (2012). The ABC of emotional intelligence. St. Petersburg, BHV-Petersburg, 288 p.

- 3 Bar-On R. (2000). Emotional and social intelligence: Insights from the Emotional Quotient Inventory. Handbook of emotional intelligence. San Francisco: Jossey-Bass. P. 363-388.
- 4 Bayzhanova B.I. (1998). Ousushyny psikhikalyk lady erekshelikteri. Bastauish mektep. 1998. # 12.
- 5 Bazarsadaeva E.Zh. (2013). To the question of the history of the study of emotional intelligence. Bulletin of BSU . #5. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-istorii-izucheniya-emotsionalnogo-intellekta> (date of circulation: 01/06/2017)
- 6 Goleman D. (2013). Emotional Intelligence. Why it can mean more than IQ. Moscow, Mann, Ivanov and Ferber. 560 p.
- 7 Kasen G.A. & Kudaibergenova A.M. (2015). Foreign experience of art pedagogy and art therapy in the practice of psychocorrectional and preventive work. Pedagogy and Psychology. #4 (25). P. 21 – 31.
- 8 Kim A.M. (2015). Emotional intelligence of the trainer and teacher of physical education. – Almaty: Kazakh University.
- 9 Lyusin D.V. (2004). Contemporary ideas about emotional intelligence. Social Intelligence: Theory, measurement, research; Ed. D.V. Lyusina, D.V. Ushakov. Moscow: Institute of Psychology, Russian Academy of Sciences. P. 29 – 36.
- 10 Madalieva Z.B., Mukasheva A.B., Kasen G.A. & Seilkhanova M.E. (2016). The development of art-pedagogical and art-therapeutic schools: world experience. Almaty, Kazakh University.
- 11 Mayer G. (1981). Psychology of Emotional Thinking. Reader on General Psychology. Psychology of thinking; Ed. Yu.B. Gippenreiter, V.V. Petukhova. Moscow, Izd-vo Mosk. University. 123 – 129.
- 12 Mukanov M.M. (1982). Zhas zhane pedagogical psychology. Almaty.
- 13 Mukasheva A.B. & Kasen G.A. (2015). Art Pedagogical Aspect of Prevention of suicidal manifestations among youth and youth. Bulletin of KazNU, Series «Pedagogical Sciences». #2 (45). P.28-39.
- 14 Orme G. (2003). Emotional thinking as a tool for achieving success. Moscow, KSP +, 272 p.
- 15 Platonova A.V. (2014). Art therapy in the work of a psychologist. Vestnik SMUS74. #1. [URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/art-terapiya-v-rabote-psihologa> (date of circulation: 01.06.2017)].
- 16 Rastegaeva L.S. (2009). Aesthetic principles in methods of art therapy. Bulletin of the OSU #7. [URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/esteticheskie-printsipy-v-metodah-artterapii> (reference date: 01/06/2017)].
- 17 Roberts RD, Matthews D., Zaidner M. & Lyusin D.V. (2004). Emotional intelligence: problems of theory, measurement and application in practice. Psychology. Journal of Higher School of Economics. # 4.
- 18 Ryzhov DM (2014). Emotional intelligence in the system of psychological knowledge. MNKO. #4 (47). P.87-89.
- 19 Zaitseva A.V., Shutkova I.I. (2008). Possibilities of using the results of studies of emotional intelligence in pedagogical practice. Izvestiya of PSU im. V.G. Belinsky. # 11. [URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/vozmozhnosti-ispolzovaniya-rezultatov-issledovaniy-emotsionalnogo-intellekta-v-pedagogicheskoy-praktike> (application date: May 28, 2017)]



4-бөлім  
**БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ**

---

Раздел 4  
**МЕНЕДЖМЕНТ ОБРАЗОВАНИЯ**

---

Section 4  
**MANAGEMENT OF EDUCATION**

**<sup>1</sup>Жайтапова Алтынай, <sup>2</sup>Альмурзаева Б.,  
<sup>3</sup>Шункеева О., <sup>4</sup>Наурзалина Дана**

<sup>1</sup>педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: a.zhaitarova@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан, e-mail: almurzaevabibigul@gmail.com; тел.: +7 775 750 6355

<sup>3</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан, e-mail: shunkeyevao@mail.ru

<sup>4</sup>PhD, психология кафедрасының доценті, «Тұран» университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: danna\_gn@mail.ru

**ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДАҒЫ  
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

Мақалада шағын-жинақты (ауылдық) мектептерді басқарудың мектепшілік мәселелері көрсетілген. Мақала авторларының «Интеграция сельских ресурсных центров и самостоятельных малокомплектных школ в единый образовательно-информационный технопарк (опорная школа на базе вуза)» («Ауылдық ресурстық орталықтар мен дербес шағын-жинақты мектептерді біртұтас білім беру және ақпараттық технопаркке (жоғары оқу орнына негізделген тірек мектеп) интеграцияландыру») тақырыбы бойынша жобалық зерттеулерінің нәтижелері берілген. Инновациялық менеджменттің заманауи теориясына негізделген мектептің тиімді қызметінің ерекше аспектері белгіленген. Аталған инновациялық менеджмент теориясы мектепті басқаруды әсер ету философиясынан өзара әрекеттесу, серіктестік және бұл үдерісте ұжымның барлық мүшелерінің максималды түрде қатысу философиясына ауысуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттегі шағын-жинақты мектептер торабы мен олардағы оқушылардың контингентінің жалпыланған талдауы берілген. Ауылдық алыс аймақтарда оқушылардың сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға қысқа мерзімді сабақтарды, аралық және қорытынды бақылауларды өткізу үшін білім беру ресурстар шоғырлайтын тірек мектептер (ресурстық орталықтар) қызметі қарастырылды. Австриялық әріптестерімен ынтымақтастық нәтижелері көрсетілген, негізінен ауылдық жерлерде орналасқан біздікі секілді шағын-жинақты мектептердегі жұмыс тәжірибесі сипатталған. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы – авторлардың шағын-жинақты мектептерді басқарудың ғылыми-негізделген ұйымдастыруына қажетті мәлімет ұсынылды.

**Түйін сөздер:** шағын жинақты мектеп, ресурстық орталық, білім менеджменті.

<sup>1</sup>Zhaitapova Altynay, <sup>2</sup>Almurzayeva B.,

<sup>3</sup>Shunkeyeva O., <sup>4</sup>Nauryzalina Dana

<sup>1</sup>Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of Kazakh Ablai Khan University of International Relations and Foreign Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.zhaitapova@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of pedagogical sciences, Associate Professor of Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: almurzayevabibigul@gmail.com, тел.: +7 775 750 6355

<sup>3</sup>Candidate of pedagogical sciences, Associate Professor of Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: shunkeyevao@mail.ru

<sup>4</sup>PhD in Psychology, Associate Professor of Turan University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: danna\_gn@mail.ru

### Aspects of the Organization of Management in Small Schools

The article highlights the issues of intraschool management of a small-scale (rural) school. The results of a project study of the article authors on the topic «Интеграция сельских ресурсных центров и самостоятельных малокомплектных школ в единый образовательно-информационный технопарк (опорная школа на базе вуза)» («Integration of rural resource centers and independent small-scale schools into a single educational and information technology park (a basic school on the basis of a university)») are reflected. Some aspects of the effective activity of the school are identified on the basis of the modern theory of innovation management, which ensures the change of influence philosophy in school management to the philosophy of interaction, cooperation and maximum participation of all members of the team in this process. A generalized analysis of the network of small-scale schools in the country and a contingent of students in them is presented. The activities of the basic school (resource center) are considered, on the basis of which the educational resources for short-term in-session lessons, intermediate and final certification of students are consolidated in order to provide access to quality education for students in rural remote locations. The results of cooperation with Austrian colleagues are displayed, their experience of working in schools similar to ours, mainly located in rural areas, is described. The practical significance of the research is that the authors present material for the organization of scientifically based management of small-scale schools.

**Key words:** small staffing school, resource center, management of education.

<sup>1</sup>Жайтапова Алтынай, <sup>2</sup>Альмурзаева Б.,

<sup>3</sup>Шункеева О., <sup>4</sup>Наурзалина Дана

<sup>1</sup>доктор педагогических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан, e-mail: a.zhaitapova@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат педагогических наук, доцент Актюбинского регионального государственного университета, г. Актыобе, Казахстан, e-mail: almurzayevabibigul@gmail.com, тел.: +7 775 750 6355

<sup>3</sup>кандидат педагогических наук, доцент Актюбинского регионального государственного университета, г. Актыобе, Казахстан, e-mail: shunkeyevao@mail.ru

<sup>4</sup>PhD, доцент кафедры психологии Университета «Тұран», г. Алматы, Казахстан, e-mail: danna\_gn@mail.ru

### Организация управления в малокомплектных школах

В статье освещаются вопросы внутришкольного управления малокомплектной (сельской) школы. Отражены результаты проектного исследования авторов статьи по теме «Интеграция сельских ресурсных центров и самостоятельных малокомплектных школ в единый образовательно-информационный технопарк (опорная школа на базе вуза)». Обозначены отдельные аспекты эффективной деятельности школы на основе современной теории инновационного менеджмента, обеспечивающей смену философии воздействия в управлении школой на философию взаимодействия, сотрудничества и максимального участия всех членов коллектива в этом процессе. Представлен обобщённый анализ сети малокомплектных школ в стране и контингент учащихся в них. Рассмотрена деятельность опорной школы (ресурсного центра), на базе которой консолидируются образовательные ресурсы для проведения краткосрочных сессионных занятий, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в целях обеспечения доступа к качественному образованию обучающихся в сельских отдалённых пунктах. Отображены результаты сотрудничества с австрийскими коллегами, описан их опыт работы в школах подобных нашим малокомплектным, расположенных, главным образом, в сельской местности. Практическая значимость исследования заключается в том, что авторами представлен материал для организации научно-обоснованного управления малокомплектными школами.

**Ключевые слова:** малокомплектная школа, ресурсный центр, менеджмент образования.

## Кіріспе

Қазіргі заманғы қоғамды сипаттаушы экономика мен әлеуметтік сферадағы жаһандық қайта жаңару кезеңінде білім беру ұжымдарын басқару білім берудің тиімділігіне жету үшін инновациялық тәсілдердің, басқару әрекетінің мазмұны мен мәнін адекватты /бара бар өзгертуді талап етеді.

Мектептің қоғамды демократиялық қайта жаңғыртудағы әлеуметтік орган ретіндегі ролін түсіне отырып, оған баса назар аудару ғылыми негізделген басқаруды, ғылым мен практиканың интеграциясын, зерттеу нәтижелерін тәжірибелік іс-әрекетке шығармашылық енгізу себептерінен туындайды.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Басқару, жалпы алғанда осы жүйеге тән объективті заңдылықтарды қолдану негізінде оны жаңа күйге аудару мақсатында сол жүйеге әсер ету процесін құрайды. Қазіргі таңдағы мектепті басқару теориясы жалпы педагогикалық процесс тиімділігін жеткілікті қамтамасыз ете алмайды.

Әдетте мектепшілік басқару субъектінің объектіге мақсатталған әсер етуі, басқарушы жүйенің басқаруындағы жүйеге оны сапалы жаңа күйге аударудағы ықпалы, басқару іс-әрекетінде ғылыми тәсілді жүзеге асыруда педагогикалық еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру элементтерін енгізу және т.б.

Дегенмен бүгінгі күн (жаһандану, сапаны жаңаша түсіну, әр адамның әлеуметтік ортадағы тұлғалық позициясы) мектепті басқарудағы ықпал ету философиясының ынтымақтастық, қарым-қатынас философиясына ауысуы мен ұжым мүшелерінің барлығының бұл процеске барынша қатысуын талап етеді.

Соңғы оқыту нәтижелері алда халықтың әлауқаты мен мемлекет экономикасының өсуіне әсер етуі үшін басқару теориясы педагогикалық менеджмент теориясымен айтарлықтай толықтырылды, білім саласына қазіргі сапа менеджментінің стратегиялары мен модельдері бейімделуде және енгізілуде.

Педагогикалық менеджмент – бұл білім процесінің тиімділігін көтеруге ықпал етуші қағидалар, әдістер және білім процесін басқаруды ұйымдастыру формалары мен технологиялық тәсілдер жинағы.

Қазіргі менеджмент теориясы алдымен өзінің тұлғалық бағыттылығымен сипатталады. Оны

практикаға қолдану барысында менеджердің іс-әрекеті өз қызметкерлеріне деген шынайы құрмет, сенім, олардың тұлғалық дамуына, жетістікке жетулеріне жағдай жасау негізінде құрылады.

Бұл негіздер менеджменттің басты міндетін қамтамасыз етіп қана қоймайды – ұжымның қызметін және қызметкерлердің кәсіби қарым-қатынасын регламенттейді және реттейді, сондай-ақ басқарудың жетекші ролі/миссия – оқу-тәрбие процесіне тартылған адамдар ұжымына мақсатты ықпал ету және олардың тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Педагогикалық басқару теориясын толықтырушы менеджменттің осы мазмұнды жақтары оларды басқару тәжірибесіне көшіру мен түсіну мектепшілік басқаруды жаңартуға әкеледі.

Мақала авторларының жобалық зерттеулерінің мақсаты ауылдық мектептердің табысты жұмыс жасауына ықпал ету болғандықтан ғылыми-әдістемелік мақалада шағын жинақталған мектеп (ШЖМ) жұмысының ұйымдастырушылық және басқару аспектілері қарастырылады.

## Нәтижелері

Шағын жинақталған мектеп – жалпы міндетті оқытуды жүзеге асыру үшін шағын елді мекендерде ұйымдастырылған (бір сыныптан тұратын) шағын оқушылар контингентінен (100 адамға дейін) тұратын орта, негізгі, бастауыш жалпы білім беретін мектеп. Бұл мектептерде қосалқы (параллель) сыныптар жоқ.

Бастауыш шағын мектепте бір мұғалім біруақытта бірнеше сыныптармен бір сынып бөлмесінде жұмыс істей алады. Ол оқу процесінің өзіне тән ерекшелігін анықтайды – оқушылардың іс-әрекеті өз бетінше жұмыс істеуге көбірек негізделген. 5-11 сыныптарда сабақ әр сыныпта жеке жүреді.

Шағын жинақталған мектептер көптеген елдерде бар, негізінен ауылды жерлерде кең тараған.

Қазақстан Республикасының ауылдық мекендер жағдайында білім беру ерекшеліктері Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық Академияның «Ресурстық орталықтар жағдайында білім сапасын басқару» атты әдістемелік құралында анықталған. Онда көрсетілгендей бүгінгі күні 7307 жалпы білім беретін мектептің 3639 ШЖМ (49,8%) құрайды.

ШЖМ үшін сыныптың оқушылармен аз жинақталуы және сыныптардың біріктірілуі,

мұғалімнің жүктемесінің көпмәнділігі тән. Шағын жинақталған мектептердің ролі көбінесе аймақтағы демографиялық, экономикалық және саяси жағдайларға байланысты анықталады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласының барлық деңгейінде сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ететін ұлттық модельді дамытуға қолайлы шарттар жасалуда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында 2011-2020 жылдарға республиканың барлық облыстарының аумағында тірек мектептерін құру жоспарланған – ресурстық орталықтар (ары қарай ТМ (РО)). Олардың базасында шағын жинақталған мектептердің оқушыларының сапалы білім алуына қол жеткізу мақсатында білім алушылар үшін қысқа мерзімді сессиялық сабақтар мен аралық және қорытынды аттестациялар жүргізетін бір-біріне жақын орналасқан шағын жинақталған мектептердің білім ресурстары шоғырланады.

ТМ (РО) ретінде қала мен аудан орталықтарындағы материалды-техникалық базасы жақсы жабдықталған және жоғары дәрежелі мамандармен қамтамасыз етілген жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, лицейлер анықталған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына 24.10.2010 ж (1бап 53-2 пункт) тірек мектебі (ресурстық орталық) ұғымы енгізілген: «Тірек мектебі (ресурстық орталық) шағын жинақталған мектептер оқушыларының сапалы білімге қол жеткізулерін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтар, білім алушыларға аралық және қорытынды аттестациялау жүргізу үшін базасында білім ресурстары шоғырландырылған жалпы орта білім беру ұйымы болып табылады»

Ресурс орталықтарының қызмет етуін қамтамасыз ету үшін ҚР 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде келесі шаралар жүргізілуде:

- заманға сай инфраструктура құру;
- материалды-техникалық базаны нығайту;
- іс-әрекетті ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қолдауды (жетектеуді) қамтамасыз ету;
- Тірек мектептері /Аймақтық орталықтар үшін оқу-әдістемелік құралдарын даярлау;
- ресурстық және шағын жинақталған мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру;
- Тірек мектептері/РО басшыларына арнап аймақтық оқыту семинар-тренингтерін өткізу.

2010 – 2020 жылдарға арналған ҚР шағын жинақталған мектептерді дамыту Концепциясы жобасын 5.3 «ШЖМ білім беру мазмұнымен ұйымдастыру» және 5.4. «ШЖМ заманауи инфраструктурасын дамыту» бөлімдерін ерекшелейді, онда басты роль ауылдық мектептерде электрондық білім беруге аударылады: «ШЖМ электронды білім беруді енгізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының сипатын біршама өзгертеді, оқушыны оқу материялын өз бетінше меңгеруге белсенді түрде бағыттайды. Ұстаз тьютор ролінде жұмыс атқарады, оның әрекеті ақпаратты жаңғыртуға емес, оқу таным процесінде оқушыға психологиялық-педагогтық қолдау көрсетуге бағытталған». Электрондық білім беру оқушыларды жаңа модификацияланған компьютерлермен қамтамасыз етуді, біртұтас ақпараттық тордың болуын және республиканың барлық мектептерін кең жолақты Интернет желісіне қосуды талап етеді.

ШЖМ қызметін сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық қор құру орынды. Ол виртуалды лаборатория, мәліметтер базасын, кеңестік қызметті, электронды кітапхананы, компьютерлік ойындар, конструкторлар, диагностикалық білім беретін және басқа да оқу-әдістемелік құралдарын ұсынатын медиотеканы қамтиды.

«2016-2017 оқу жылдары ҚР білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері жайлы» нұсқаулық-әдістемелік хатқа сай оқу процесін ұйымдастыру 2015 жылғы 20 наурызда ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 137 жарлығымен бекітілген оқыту процесін арақашықтық/дистанционды білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру Ережесімен реттеледі.

17 қыркүйек 2013 жылы бекітілген ҚР Білім және ғылым министрлігінің №375 жарлығы бойынша білім беруді ұйымдастыру жағдайына қарай Білім беру ұйымдарының қызметтерінің типті ережелерінде: шағын жинақталған/ары қарай – ШЖМ/ және тірек мектебі (ресурс орталығы /магнитті мектеп) деп беріледі.

Сондай-ақ шағын жинақталған мектеп статусын белгілейтін өлшемдер анықталған: бастауыш ШЖП оқушылар саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі ШЖМ оқушылар саны 41-ден 80 адамға дейін; орта ШЖМ оқушылар саны 81-ден 180 адамға дейін. Шағын жинақталған мектеп және тірек мектептерінің/ресурстық орталық/ қызметінің тәртібі бекітілген.

Қазақстанда ШЖМ ғылыми негізделген және бекітілген балама (альтернативті) үлгілерінің

болмауы себепті аймақтық материалды-техникалық жабдықтау жүйесі, педагогикалық процесті ұйымдастыруда түрлі тәсілдер қалыптасқан.

Бірнеше жақын орналасқан ШЖМ біртұтас білім беру кеңістігіне жинақтаушы ресурстық орталықтар құру тәжірибесі бар: мектеп-комплекс / мектеп-балабақша, мектеп – мектепке дейін білім беру мини-орталығы, метеп – мектеп жанындағы интернат – мектепке дейін білім беру мини-орталығы/; құрамына ауылдық кітапхана, медициналық пункт, пошта, клуб, ауылшаруашылық профилінде теориялық және практикалық тереңдетілген білім беретін мектеп – агро-биологическая лаборатория; педагогикалық процесті әртүрлі жастағы оқушылардан тұратын ұжымдық сыныптарда ұйымдастыруды болжайтын сыныптық – сабақ типті үлгіден бөлек мектебі бар әлеуметтік орталықтар.

Олардағы педагогикалық жүйе әлеуметтік-педагогикалық жағдайға сай кәсіби ұйымдастырылғанда ғана жүзеге асады.

Тиімді және сапалы басқаруды мынадай факторлар қамтамасыз етеді:

- мақсат және нәтиже;

- әлеуметтік-педагогикалық және уақыт жағдайлары;

- функционалды компоненттер: мақсаттылық және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу және түзету (коррегирование).

Білім беру жүйесінің тиімділігі көп жағдайда педагогикалық менеджмент мақсатын жүзеге асыратын білім кеңістігіндегі басқарушы мен бақыланатын кіші жүйелер байланысын басқару әдістерін меңгеруге тәуелді. Басқару әдісін таңдау басшының кәсіби және дара біліктілігіне тәуелді, мысалы жағдайды /ситуацияны/ басқару, дұрыс басқару шешімдерін қабылдау, ұжымдағы тұрақты және жиі өзгеріп тұратын жағдайларды шұғыл талдау қабілеті, ұжым мүшелерінің ресурстық әлеуетін білу және т.б.

ШЖМ қызметінің тәжірибесінде жалпы білім беретін мектептердегідей менеджмент тиімділігін қамтамасыз ететін басқару әдістерінің тобы қолданылады: экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық, тәрбиелік-әкімшіліктік, ұйымдастырушылық-педагогикалық. Біздің базалық ШЖМ мектептерде Н.Н. Панферова сыныптаған /классификация/ қазіргі басқару әдістерін қолдануды қарастырайық.

**1-кесте** – Мектепті басқарудың қазіргі әдістерін сыныптау/классификация (Н.Н. Панферова бойынша)

Әдістер тобы	Әдістер
Психологиялық-педагогикалық	Иландыру, дара үлгі, қолпаштау/поощрение, сынау және өзіндік сын.
Әлеуметтік-педагогикалық	Перспективалы желілерді көтеру/выдвижение, жұмысшылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру, біркелкі талап, дәстүр, сыни өзіндік талдау жағдайларын тудыру.
Ұйымдастырушылық-педагогикалық	Педагогикалық кеңестер, кәсіби қарым-қатынасты ұйымдастыру, еңбек ынтымақтастығы, директива
Әлеуметтік-экономикалық	Материалды ынталандыру, шарт, шаруашылық есеп, ұжымдық шарт.

Көрсетілген әдістерді қолдану арқылы тиімділікке жетуде ШЖМ ерекшеліктері ерекше ықпал етеді, себебі педагог мамандардың шағын штатында менеджер функциясы тек бір ғана орындаушының қолына шоғырланған, мысалы, бастауыш ШЖМ меңгерушісі, негізгі және орта ШЖМ басшысы.

Бұндай функционалды позиция және кәсіби маманды даярлау сферасында және басқару саласында педагогикалық мамандарды қайта даярлау жүйесінде білім менеджері классификациясындағы мамандарды дайындау болмауы – басқарудың негізгі әдістерін жүзеге асыру мүмкіндігін әлсіретеді. Иландыру, дара үлгі,

қолпаштау, сынау әдістерін штатта бір не екі мұғалім болғанда қолдану мүмкін емес.

Сондай-ақ кәсіби қарым-қатынас, еңбек ынтымақтастығы, материалды ынталандыру және т.б. әдістер де өз тиімділігін жоғалтады. Қазақстанда бұл бағытта тек аймақтық қана емес, халықаралық деңгейде де алмасатындай және тарататындай тәжірибе бар.

Педагогикалық қызметті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және басқару келесі дерективалар арқылы қамтамасыз етіледі. Ең алдымен, бұл ХХІ ғасырдағы табысты адамға тиесілі 16 білім мен білікті анықтаған «Бүкіл әлемдік экономикалық форум (ары қарай БЭФ). Ол

біліктер топта жұмыс істеу, жетекшілік сапасы, бастамашылдық, ИТ-құзырлылық, финанстық-азаматтық сауаттылық және т.б.»

Қазақстанда білім берудің жаңа мазмұнын енгізу және жүзеге асыру оқушыларға сапалы білім алуға бәріне бірдей мүмкіндік беретін әдістер мен технологияларды қолданудан туындаған, мысалы Педагогикалық шеберлік орталығы, Назарбаев Зияткерлік мектептері, біліктілікті арттыру жүйесі, аймақтық білім басқармаларындағы ғылыми-әдістемелік орталықтар педагог мамандардың кәсіби дамуының тиімді жүйесін жасайды.

Осының арқасында ауыл мұғалімі белсенді кәсіби – дара даму траекториясын құрады. Ол туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2015-2017 жылдағы «ауылдық ресурстық орталықтар мен ШЖМ ортақ ақпараттық-білім технопаркiне интеграциялау (жоғары оқу орны базасындағы тірек мектебі)» ғылыми бағдарламасының шеңберінде жүргізілген жобалық зерттеу нәтижесі көрсетті.


Біз мұғалімдер үшін «Мектеп жұмысын бағалау. Өз жұмысын бағалау» / Сабило В.В., Малаховская Т.Н. / сауалнамасын қолдандық. Сауалнама 8-9 сыныптарға сабақ беретін магниттік мектептер мен Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Аккмер ресурстық орталығының мұғалімдері арасында жүргізілді. Сұрақтар екі бағытты қамтыды:

1) мұғалім жұмыс жасайтын мектептің жұмысын бағалау;

2) мұғалімнің өзінің жұмысын бағалау.

Мектеп жұмысын бағалай отырып мұғалімдер мынадай факторларды атап өтті: жалпы мектеп жұмысына, әдістемелік бірлестік жұмысына (ӘБ), оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне (ОТЖ), әкімшілік жұмысына және басқару стиліне қанағаттану.

Аталмыш диагностика 2016 жылы оқу жылының басында жүргізілді, нәтиже ақпараттық-білім технопаркiн құруға қолайлы алғышарт болды.




1-сурет – Мектеп жұмысын бағалау

Жұмыс тобымен экспресс-сауалнама жүргізілді. Оқушылар үшін «ақпараттық-білім технопаркінің менің дамуымдығы ролі», ал мұғалімдер үшін «Ақпараттық-білім технопаркі – бұл ...» атты эссе-толғау жазу.

«Ақпараттық-білім технопаркі – ауыл мектебі үшін балама білім платформасы» атты экспресс-сауалнама нәтижелері оқушылардың білім сайттарын қолданатындықтарын және күнделікке қызығушылықтары бар екенін көрсетті. Онда

өз табыстарын Акмер ресурстық орталығының базасында сессия кезеңінде білім алатын басқа магниттік мектептердегі сыныптастарының табыстарымен салыстыруға болады. Оқушыларға үш сұраққа жауап беру ұсынылды:

1. Технопарк ақпараттарын тұрақты пайдаланамын.
2. Арасында пайдаланамын, нақты жағдайда ғана.
3. Технопарк ақпараттарын пайдаланбаймын.



**2-сурет** – «Ақпараттық – білім технопаркі – ауылдық мектептің балама білім платформасы» экспресс-сауалнамасының нәтижесі

Экспресс-сауалнама нәтижесі оқушылардың 71 пайызы сайтты пайдаланатындығын, 24 пайызы – арасында және 5 пайызы мүлдем пайдаланбайтындығын көрсетті (2-сурет).

Оның себебін олар:

- үй шаралары, малға қарау;
- сапалы интернеттің болмауы (ұялы телефон үшін емес, тек компьютер, ноутбук үшін);
- техникалық кедергілер.

«Ақпараттық-білім технопаркі – бұл ...» атты эссені талдау мұғалімдердің инновацияны ендіруге, нақтырақ айтқанда ақпараттық-білім технопаркіне деген жалпы көзқарастарын анықтауға мүмкіндік берді. Мұғалімдердің басым көпшілігі технопарк оқушыны тиімді әлеуметтендіруге бағытталған заманауи АКТ-технология деп атауға болады деп көрсетеді. Сондай-ақ ақпараттық-білім технопаркі кейс,

теледидар және желілік оқыту техникасын қамти отырып арақашықтық оқыту кеңістігінде қолдануға болатын толық әдістемелік пакетті қамтитын гуманитарлық басқару технологиясы болып табылады.

Ақпараттық-білім технопаркінің қызметі тек педагогикалық менеджменттің арақашықтық түрін ғана емес – облыстық семинарлар, дөңгелек столдар, конференциялар, зерттеу іс-сапарлары тәрізді ұйымдастыру іс-шараларын қамтиды, сондай-ақ шағын жинақталған ауыл мектептерінің кең ақпаратқа қолын жеткізер бастапқы әдістемелік алаңы болады.

### Талқылау

Жоба қатысушылары 2016 жылы сәуір айында Линц (Австрия) қаласына барған ғылыми-



зерттеу іссапарының шеңберінде Педагогикалық университетке, ауылдық мектептерге барды, қазіргі білім мәселелері бойынша өткен ғылыми-практикалық семинарға қатысты, ауылдық мектептердегі австрия мұғалімдерінің тәжірибесімен, сондай-ақ педагог мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру мәселелерімен танысты.

Линц қаласындағы Педагогикалық университет Орталық Австриядағы инфрақұрылымы дамыған, ғылыми алаңдар мен студенттік кампусы/жатақхана бар алдыңғы қатардағы жоғары оқу орны болып табылады. Университет құрылымы педагогикалық институт, Австрия мұғалімдерінің біліктілігін арттыру институты, ғылыми лаборатория, педагогикалық колледжден тұрады.

Қазіргі материалды-техникалық база, жоғары деңгейдегі зерттеу ортасы, инновацияға, халықаралық ынтымақтастыққа ашықтығы, көп тілділік, халықаралық бағдарламаларға қатысу, Европа жоғары оқу орындарында дәріс оқу аталмыш оқу орнының рейтингісінің жоғары екендігін дәлелдейді. Университеттің профессорлары мен оқытушылары құрамымен жұмыс жүрді: вице-ректор Альфред Кламфер және халықаралық Erasmus, Erasmus+ бағдарламасын алғашқылардың бірі болып енгізген университеттің құрметті ректоры Ханс Шахл.

Профессор Ханс Шахлмен Хальштат және Цельампеттенфирет елді мекендеріндегі Жоғарғы Австрия базалық шағын ауылдық мектептеріне сапарлар ұйымдастырылды. Көптеген Европа елдеріндегідей Австрияда бастауыш шағын жинақталған мектептер басым, орта звеноға көшкенде оқушыларды орталық аудандық мектептерге көлікпен тасу ұйымдастырылады.

Альпі тауының етегінде орналасқан кішкентай қала Хальштатта екі ғимараттан тұратын бастауыш мектеп жұмыс жасайды. 1-2 параллель сынып – жинағы 9 оқушыдан, 3-4 параллель сынып-жинағы 13 оқушыдан тұрады. Бұл мектепті мектеп басшысы Рита Ашауэр басқарады, сондай-ақ ол негізгі мұғалім бола отырып барлық әкімшілік-шаруашылық істерді де жүргізеді. Бұл тұрғыдан алғанда олардың функционалды міндеттерінің қазақстандық шағын мектептер басшыларының жұмысынан айырмашылығы жоқ. Мектепте негізгі тек екі мұғалім және сырттан келетін екі мұғалім бар. Сырттан келетін мұғалімдер өздерінің сағат сандарын жақын орналасқан басқа мектептерде сабақ беру арқылы толтырады. Оқыту біртақырыпты сабақтар бойынша жүргізіледі, ішкі мазмұн әр

сынып үшін білім беру бағдарламасының әр кезеңіне сай толықтырылады.

Оқулық және қажетті әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету ағымдағы жылдың 1 ақпанынан 22 сәуірге дейін жүреді, мектеп басшысы Австрия Білім Министрлігінің сайтына жаңа оқу жылына сұраныс жібереді. Айта кету керек, Австрияда мектепті оқулықпен мемлекет қамтамасыз етеді, бір балаға 50 евро бөлінеді, ол оқушы қажеттілігін толық қамтиды. Оқулықтарды жеткізу оқу жылының басына дейін уақытында жүргізіледі. Австрия Білім Министрлігінің сайтында оқулықтар тізімі толық жарияланады, сол арқылы қажет оқулықты не баспаны таңдауға мүмкіндік беріледі. Оқу процесі семестрмен жүреді, оқу жылы 12 қыркүйектен басталады да, 8 шілдеде аяқталады. Бірінші семестр бескүндік оқу аптасы бойынша 12 қыркүйектен 12 ақпанға дейін, екіншісі – 16 ақпаннан 8 шілдеге дейін созылады.

Негізгі орта білім беру мектебі 10-15 км қашықтықта орналасқан, ол жерге балаларды мектеп автобусы жеткізіп отырады. Профильді білім беру екі әдіспен жүреді – лицей сыныптарына түсу немесе профильді колледжде оқу. Бұндай профильді колледждер мен мектептерде студенттер тұратын интернаттар жұмыс жасайды.

Басқару және бағдарлау жұмыстарын жүргізу мақсатында әр мектептің өзінің инспекторы бар, ол мектеп басшыларының жиналыстарын өткізеді, сабақтарға қатысып, елді мекендерге барады, яғни бақылау-әкімшілік функциясын атқарады. Айта кету керек, барлық ауылдық мектептер инклюзивті оқытуға қажетті аспаптармен, құралдармен жабдықталған, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған арнайы бөлмелер бар.

Цельампеттенфирет қаласындағы екінші мектепке баруымыз жергілікті инспектор, доктор Хайдемариэ Блаймшайн басшылығымен жүзеге асты. Мектеп басшысы Андреа Рознер.

Мектепте 40 оқушы оқиды: 1 сынып – 7 оқушы, 2 сынып – 16 оқушы, 3 сынып – 8 оқушы, 4 сынып – 10 оқушы. Оқыту сынып-комплект жүйесінде жүреді, 1/2 және 3/4, барлығы 4 мұғалім, оның екеуі тұрақты мұғалімдер және екеуі сырттан келеді. Оқушылар мектепте күні бойы болады, 31 адам түстен кейін қосымша сабақтар жүргізілуіне мұқтаж. Балалар мектепте сағат 16-00 дейін қалады. Оқушылардың тамақтануына ақыны аймақтың әкімдігі төлейді, бір балаға күніне орташа алғанда 10-20 евро

бөлінеді. Ата-ана ешқандай қосымша ақы төлемейді.

Бұл мектепте бастауыш сынып мұғалімі Сильвия Хольцманмен сұхбат жүргіздік, осы мектептегі еңбек өтілі – 8 жыл, жалпы педагогикалық өтілі – 13 жыл. Әрбір мұғалім I, II, III, IV – кәсіби деңгейден өтеді және әрбір екі жылда еңбек ақы автоматты түрде өсіп отырады.

Қатысқан сабақтарға талдау жасау, педагогтармен сұхбаттасу, сауал алу, пікір алмасу австрия мектептерінде оқушылардың функционалды сауаттылығына негізделген оқытудың құзыреттілік тәсілі енгізілгеніне сендіреді.

Ақпараттық көздерді зерттеу шағын жинақталған мектептер мәселесі тек Қазақстан мен Австрия үшін ғана маңызды емес, бірқатар Батыс Европа, Австралия, АҚШ, Канада, Қытай, Жапония, Ресей, Өзбекстан және т.б. елдер үшін де маңыздылығын көрсетеді.

Сол себептен де ШЖМ мәселелерін шешудің тиімді жолдарын анықтау кәсіби басқару нәтижесімен, педагогикалық менеджмент теориясы мен практикасы көрсеткіштерімен көрінетін бәсекеге қабілетті ұлттық жүйені қалыптастырудың қажетті жағдайы болып табылады.

### Қорытынды

Қатысқан сабақтар, пікірталас, сұхбат, мұғалімдермен пікір алмасу сауалнамаларын талдау нәтижелері, австриялық мектептерде оқушылардың функционалды сауаттылығын

қалыптастыруға бағытталған, оқытудың компетентті амалының енгізілгендігін көрсетті.

Білім беру және ақпараттық технопарктың жұмыс істеуі педагогикалық менеджменттің қашықтық нысанын ғана қамтып қоймай, сонымен қатар, аймақтық семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, ғылыми-зерттеу сапарлар секілді іс-шаралары – ШЖМ ауылдық мектептердің кең ақпараттық қолжетімділігі үшін бастамалық әдіснамалық алаңына айналып келе жатыр.

Басқару саласына заманауи менеджмент сапасы үлгілері мен стратегиялары таныстырылып, бейімделіп жатыр; басқару ғылым мен тәжірибенің интеграциялану стратегияларымен іске асады, бұл өз кезегінде оқу үдерісін басқару тиімділігін арттыруға ықпал ететін принциптер, әдістер, ұйымдастыру формалары мен техникалық тәсілдер жүйесі ретінде шағын-жинақтық мектептерді педагогикалық менеджментпен қамтамасыз етеді. Сондықтан, шағын-жинақтық мектептер мәселелерін шешу жолдарын анықтау, кәсіби басқару нәтижесі, педагогикалық теория мен тәжірибе көрсеткіші ретінде анықталатын, бәсекеге қабілетті ұлттық жүйені қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Шетелдік тәжірибені зерделеу тәжірибеге білім беру жүйесі мен педагогикалық қызметтегі түрлі мәселелерді шешуге ықпал ететін инновациялық идеялар мен үздік әдістерді қолдануға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

- 1 Адильгазин Г.З. Теория и практика совершенствования управления педагогическим процессом в малокомплектной школе. – Усть-Каменогорск: изд-во ВКГУ, 2002. – 217 с.
- 2 Научно-методические основы организации деятельности современной малокомплектной школы: методическое пособие / Национальная академия образования им. И.Алтынсарина. – Астана, 2011. – 59 с.
- 3 Управление качеством образования в условиях ресурсного центра: методическое пособие. – Астана, 2014. – 59 с.
- 4 Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. 278– с.
- 5 Типовые правила деятельности организаций образования по условиям организации обучения, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 сентября 2013 года № 375. – Астана: МОН РК, 2013.
- 6 Проект Концепции развития малокомплектных школ в Республике Казахстан на 2010-2020 годы. – Астана, 2010.
- 7 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.
- 8 Панферова Н.Н. Управление в системе образования/учебное пособие – Ростов-н/Д.: Феникс, 2010. – 248 с.

### References

- 1 Adilgaziniv G. (2002). Theory and practice of improving the management of the pedagogical process in a small-scale school. Ust-Kamenogorsk, publishing house VKGU, 2002. – 217 с.

- 2 Draft Concept for the Development of Small-Scale Schools in the Republic of Kazakhstan for 2010-2020 (2010). Astana, MES RK.
- 3 Management of the quality of education in a resource center (2014). Astana. 59 p.
- 4 On the peculiarities of the organization of the educational process in secondary schools of the Republic of Kazakhstan in 2016-2017 academic year: Instructive and methodological writing (2016). Astana: National Academy of Education. I. Altynsarina. 278 p.
- 5 Panferova N. (2010). Management in the education system, textbook. Rostov-on-Don. Phoenix. 248 p.
- 6 Scientific and methodological foundations of the organization of the activity of a modern small-school complex (2011). Methodical manual, National Academy of Education. I. Altynsarina. Astana. 59 p.
- 7 State program of development of education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 (2010). Astana.
- 8 Typical rules of the activity of educational organizations on the terms of the training organization approved by the order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated September 17, 2013. # 375. Astana, MES RK, 2013.



5-бөлім  
**ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ  
ДИСТАНЦИОНДЫ БІЛІМ БЕРУ**

---

Раздел 5  
**ЭЛЕКТРОННОЕ ОБУЧЕНИЕ И  
ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

---

Section 5  
**E-LEARNING AND  
DISTANCE EDUCATION**

<sup>1</sup>Джусубалиева Дина, <sup>2</sup>Чакликова Асель,  
<sup>3</sup>Мергембаева Айткен, <sup>4</sup>Тахмазов Руслан

<sup>1</sup>доктор педагогических наук, профессор,  
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан, e-mail: dinaddm@mail.ru

<sup>2</sup>доктор педагогических наук, проректор по учебной работе Казахского университета  
международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан, e-mail: qweras@inbox.ru

<sup>3</sup>магистр Казахского университета международных отношений и  
мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан

<sup>4</sup>магистрант Казахского университета международных отношений и  
мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан, e-mail: bollito007@gmail.com

## МООК – ЭВОЛЮЦИЯ ОНЛАЙН-ОБРАЗОВАНИЯ

Статья посвящена массовым открытым онлайн-курсам, которые в настоящее время являются одной из новых тенденций онлайн-обучения в сфере высшего образования. В статье описываются этапы становления и дальнейшего развития МООК в мире и пути интеграции в систему высшего образования Казахстана. Появление МООК относят к 2008 году. Выделены два направления: (1) внедрение зарубежных онлайн-курсов в Учебный процесс в качестве факультатива; (2) разработка собственных курсов. Отмечается, что Казахстане создан Консорциум казахстанских вузов по развитию МООК в РК. Инициирован Казахским национальным университетом имени аль-Фараби. В его состав вошли 15 вузов. Разработка собственных МООК является сложной задачей. МООК также зависят от наличия доступа к надежному высокоскоростному Интернет-соединению и интернет-браузеру. В основном в МООК используются два вида оценок. Одной из них является завершение викторин и тестов с множественным выбором. Другой является экспертная оценка, особенно для письменной деятельности.

**Ключевые слова:** МООК, массовые открытые онлайн-курсы, дистанционное обучение, онлайн-курсы, открытое образование, Edx, Coursera.

<sup>1</sup>Dzhusubalieva Dina, <sup>2</sup>Chaklikova Asel',

<sup>3</sup>Mergembaeva Aitken, <sup>4</sup>Tahmazov Ruslan

<sup>1</sup>Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Kazakh Ablai Khan University  
of International Relations and Foreign Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dinaddm@mail.ru

<sup>2</sup>PhD in Education, professor, vice-rector of Kazakh Ablai Khan University of  
International Relations and Foreign Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: qweras@inbox.ru

<sup>3</sup>Master, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and Foreign Languages,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>4</sup>Master student, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and Foreign Languages,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: bollito007@gmail.com

### MOOC – the Evolution of Online Education

The article is devoted to massive open online courses, which currently being one of the new trends in online education in the field of higher education. The article describes the stages of the formation and further development of the MOOC in the world and the way of integration into the system of higher education in Kazakhstan. Since 2016-2017 academic year the university has switched to a new version of Moodle 3.1. This version is completely different from the previous version of Moodle 2.1. The main improvement is the updated interface of the system. Version 3.1 of SDO Moodle, includes functionality of management of the system users skills. The main advantage of this is Competency-Based Education

(CBE). About 50 e-courses on two specialties "Foreign language: two foreign languages" and "Translation studies" for introduction in DO have been developed.

**Key words:** MOOC, Massive Open Online Course, Open Education, Distance Education, e-learning, Edx, Coursera.

<sup>1</sup>Джусубалиева Дина, <sup>2</sup> Чакликова Әсел,

<sup>3</sup>Мергембаева Айткен, <sup>4</sup> Тахмазов Руслан

<sup>1</sup>педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dinaddm@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқу-ісі жөніндегі проректор, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: qweras@inbox.ru

<sup>3</sup>магистр, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>4</sup>магистрант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bollito007@gmail.com

### **ЖАОК – онлайн-білім берудегі эволюция**

Мақала қазіргі уақытта жоғары білім беру саласындағы жаңа үрдістердің бірі болып табылатын жаппай ашық онлайн-курстарға арналады. Мақалада әлемдегі ЖАОК қалыптасу кезеңдері мен дамуы және олардың Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне интеграциялануы сипатталады. 2008 жылды ЖАОК басталуы деп санайды. Екі бағыт көрсетілген: (1) шетелдік онлайн-курстардың факультатив түрінде оқу үдерісіне ендірілуі; (2) өзінің курстарын дайындау. Қазақстанда ЖАОК дамыту бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының Консорциумы құрылғаны байқалады. Бұл – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бастамасы. Оның құрамына 15 жоғары оқу орны кіреді. Өзінің ЖАОК дайындау өте күрделі міндет деп танылады. ЖАОК сонымен қатар сенімді жоғары жылдамдықтағы интернет-қосылымдардың және интернет-браузердің болуымен байланысты. Негізінен ЖАОК-та екі бағалау түрі қолданылады. Оның бірі – викториналарды аяқтау және көп таңдаулы тестерді шешу болып табылады. Екіншісі – жазу іс-әрекетіндегі сараптамалық бағалау.

**Түйін сөздер:** ЖАОК, жаппай ашық онлайн-курстар, қашықтықтан оқыту, онлайн-курстар, білімнің ашықтығы, Edx, Coursera.

## **Введение**

